



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XIII Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»

The XIII International Scientific Conference
for Students and Young Scientists
«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»



12th April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2018»
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS
of the XIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2018»**

2018 жыл 12 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-997-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2018

метафор. Концептуальная система метафор закреплена в опыте, который является основой для использования и понимания метафор. Вышеприведенная типология метафоры является предпосылкой более широкого подхода к описанию функций экспрессивных лексических единиц.

Список использованных источников:

1. Aristoteles, Poetik. Stuttgart 1982, Kap. 21, A. 7, S. 1096
2. Aristoteles, Poetik. Stuttgart 1982, Kap. 21, A. 4, S. 1096
3. Аристотель, Риторика, книга III, «Азбука», Санкт-Петербург, 2000 г., стр. 348
4. Квинтилиан, Риторические наставления, Санкт-Петербург, типография Императорской Российской Академии, 1834 г., часть II, глава VI, стр. 103 – 104
5. Античные риторика. Москва, 1978 г., стр. 160
6. Gerhard Kurz: Metapher, Allegorie, Symbol, Göttingen 1982, S. 7 ff.
7. Hermann Paul: Prinzipien der Sprachgeschichte, 8., unveränderte Auflage, Tübingen 1968, S. 75
8. Hermann Paul: Prinzipien der Sprachgeschichte, 8., unveränderte Auflage, Tübingen 1968, S. 76
9. Richards, I. A. (1983): Die Metapher. Haverkamp, Theorie der Metapher. Darmstadt, Wissenschaftliche Buchgesellschaft, SS. 31-52.
10. Richards, I. A. (1983): Die Metapher. Haverkamp, Theorie der Metapher. Darmstadt, Wissenschaftliche Buchgesellschaft, S. 33, 35
11. Richards, I. A. (1983): Die Metapher. Haverkamp, Theorie der Metapher. Darmstadt, Wissenschaftliche Buchgesellschaft, S. 392
12. Лакофф Джордж, Джонсон Марк. Метафоры, которыми мы живем: Пер. с англ. / Под ред. и с предисл. А. Н. Баранова. — М.: Едиториал УРСС, 2004. стр. 25
13. Лакофф Джордж, Джонсон Марк. Метафоры, которыми мы живем: Пер. с англ. / Под ред. и с предисл. А. Н. Баранова. — М.: Едиториал УРСС, 2004. стр. 27
14. Michael Pielenz, Argumentation und Metapher, Tübingen: Narr, 1993, SS. 59 – 97
15. Eckard Rolf, Metaphertheorien, Berlin, 2005, SS. 21 – 93

УДК-16.21.07

ҚАЗАҚ ЖАСТАР СЛЕНГІНЕ ОРЫС ТІЛІНЕН ЕНГЕН СӨЗДЕР

Даткаева Инжу Ибраимовна

injushka@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің 1 курс магистранты

Астана қаласы, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – ф.ғ.д., профессор Тажибаева С.Ж.

Қазіргі таңда тіл білімінде басқа саламен байланыса зерттелетін бағыттар көбейіп келеді. Соның ішінде әлеуметтік лингвистика, яғни әлеуметтану мен тіл білімінің тоғысқан жері болса, бұл бағыт этнолингвистика, психолінгвистика салаларымен де тығыз байланысып жатыр. Тілді жіктеу әртүрлі әлеуметтік немесе аумақтық жағдайлар нәтижесінде тілдің алуан түрлерінің пайда болу процесі болып табылады. Өмір бойы адам белгілі бір әлеуметтік топтармен араласады, ал оның сөйлеуінде әртүрлі әлеуметтік топтарға тән сипаттамалар болады. Өзгерістер адамның тілдік қорына, жалпы сөздікке, кейде фонетикаға әсер етеді. Тілді тұтынушылардың жыныстық және жас ерекшеліктеріне қарай әлеуметтік таптық нұсқалары пайда болады. Олар жаргондар, кәсіпке байланысты жаргондар, тұрмыстық жаргондар, **арго, әлеуметтік диалект; бір сөзбен алғанда сленг деп аталады. Сленг** - (ағылш. slang) – ағылшын немесе американдық ауызекі сөйлеу тілі лексикасы қамтылған көбінесе жастар жаргоны [1, 120]. Сленг – белгілі бір әлеуметтік топ ортасында

ғана түсікті болатын, өзгелер түсінбейтін, кейде ерекшелену үшін немесе сән үшін қолданылатын құпия тіл десек қателеспейміз. Осындай тілдік құбылыстар қазақ жастар арасында да аз емес. Қазақ жастар сленгінің тұрмысы тек жас ерекшелігімен шектеліп қана қоймай, оның аты айтып тұрғандай әлеумет, уақыт, кеңістікпен шектесетін өзекті лингвистикалық феномен болып табылады. Ол қаладағы оқушы жастар мен шағын топтық ортада орын алады.

Қазақ жастар сленгінің шығуы – коммуникативті топтардың өмір сүру салты боп есептелінеді. **Жастар сленгі - ең алдымен қала мәдениетіне тән тілдік құбылыс.** Қазіргі таңда орыс, ағылшын және басқа да сленгтерге қатысты толық зерттеулер көп, бірақ қалалық мәдени құбылыс ретінде қазақ сленгтері құрылу және зерттелу сатысында.

Қазір қазақ тілінің табиғи өрлеу заманы болып жатқанын көрсек, екінші тараптан қазақ ауыл адамдарының белгілі бөлігінің, әсіресе жастардың қалаға көшу (урбанизация) үдерістері орын алып жатқанын да байқаймыз. Нәтижесінде қазақ тілінің орыс тілді қалалық мәдениетпен өзара әрекеттестігі мен жанасуы жүзеге асады. Орыс тілді жастар сленгі қазақ жастарына әсер етіп келеді. Яғни, не тілдік бірліктердің кальктануы (бір тілдің екінші тілге көшірмесі) болады (мысалы, «гонишь» → «қуасың» т.б.), я болмаса қазақ сөздерінің ағымында орыс сленг бірліктерінің тікелей енуі арқылы жүзеге асады.

Осындай түрдегі құбылыстар төменде көрсетіледі.

Тәжіребелік бөлімдегі барлық жиналған мағлұматтарды 3 топқа бөлуге болады:

- қазақ жастар сленгіндегі орыс лексемалары
- қазақ жастар сленгіндегі орыс тілінен енген семантикалық калькталар
- тіл аралық контаминация (мағыналары екі ұқсас сөзден жаңа сөз жасау)

Қазақ жастар сленгінде көп жағдайда орыс лексемалары мен сөз тіркестері кездеседі. Басқалай айтқанда, оларды **русизмдер** немесе **орыс тілінен енген сөздер** деп атайды. С.И. Ожеговтың «Словарь русского языка» атты сөздікте көрсеткені: «Русизм – орыс тілінен немесе орыс сөздерімен айтылу үлгісінен енген кірме сөздер». [2, 899].

Аталмыш топқа 17 лексема (ЛЕ) енді. Олардың 14ЛЕ – зат есімдер; 2ЛЕ – сын есімдер; 1ЛЕ – етістік.

А) Зат есімдер.

1. Чёрт лексемасы ескі ырымшылдықтан: ‘жын, тылсым тіршілік, жамандықтың бастау алуын бейнелеу (мүйізі бар адамның кейпінде)’. [2, 1155]. Қазіргі орыс тілінде кейбір сөйлемдерде: «Все к чёрту пошло» деген әдепсіз сөз қолданылады. Бірақ қазақ жастар сленгінде **чёрт** лексемасы көбіне ‘подкаблужник’ (етек асты еркек) мағынасында қолданады. Қазақ жастар сленгінде (ары қарай ҚЖС) осындай семантикаға қалай ие болғаны түсініксіз жағдай. Дегенмен, болжай келе **чёрт** лексемасы ҚЖС ескі ырымшылдықтан бастау алды – ‘тылсым тіршілік, жамандықтың бастау алатынын бейнелеу’. Үйдің от ағасы әрине ер адам болуы тиіс, ал егер ол етек асты еркек болса, болашаққа жамандықпен аяқ басуы боп есептеледі. Сонымен жастардың түсінігі бойынша ‘подкаблужник’ дегеніміз не? 18-20 жас аралығындағы студенттер арасында сауалнама жүргізіле келе ‘подкаблужник’ олардың түсінігімен: **Чёрт** деп біз подкаблужниктерді айтамыз. Подкаблужник деп тек барлық уақытта әйелінің айтқанына шыға алмайтынды емес, сонымен қатар әйелі көзіне шөп салып, оны біле тұра шыдайтын, хабары бар бола, әрі қарай өмір сүре беретін еркекті айтады. Кімнің әйелі еріне қиянат етсе, оларды «рогоносец»/«екі мүйізді» дейді. Біздің көзқарасымыз бойынша **чёрт** лексемасының мағынасы қазақ жастар сленгіне көне ырымшылдықтан енді, өйткені «**жын**» - мүйізді адамның кейіпіндегі жаманның бастауы. Аталмыш лексема ҚЖС келесі контекстте кезігеді: *Сен үйленіп чёрт болыпсың.*

2. Крыса ЛЕ. С.И. Ожегов ред.басқаруымен орыс тілі сөздігінде бұл ЛЕ былай түсіндіріледі: «Егеу құйрық – кеміргіштер тобының зиянкесі» [2,396]. ҚЖС осы ЛЕ ‘бөгде адамдардың қажетті құралдарын (ақша, ұялы телефон т.б.) ұрлайтын студент’ мағынасында қолданылады. Сонымен қатар, өз затымен бөліскісі келмейтін, бәрін тығып жүретін адамды айтады. Мысалы: *Анау крысаны подтяни-ка маған, тағыда бір нәрсе ұрлап кетіпті. Крыса болмай, нанды бөліп берсең болмай ма осы?! Бұл жерде лексеманың ҚЖС осындай мағынаға*

қалай ие болғанын түсікті жағдай. Егеу құйрық әлі жеткенше барлығын алып кететін зиянкес кеміргіш қой.

3. Резина ЛЕ ҚЖС ‘асықпайтын қыз’ мағынасында қолданады. Бұл жағдайда сипаттау қызметінің метафоралық көрінісі орын алуда, яғни резина – созылатын созылғыш материал. Жігіттер метафора негізінде **резина** деп асықпай, созылып жүретін, барлығын баяу істейтін қыздарды айтады. Резина сөзінің тікелей калькалануын да байқаймыз, өйткені ‘жевательная резина’ ‘сағыз’ лексемасы да асықпайтын адамды бейнелейді. Мысалы: *Резина болмай, тез жүрші. Сағыз болмай – үйден тез шық.* Функционалды тұрғыдан метафораға ауысады.

4. Утка сленгизмі ҚЖС ‘доносица/жеткізуші’ мағынасында қолданылады. Орыс жастар сленгінде мұндай лексема кездеспейді. Біздің ойымызша бұл ЛЕ сленгтік мағынаға түсініксіз жағдайда ие болған. Студенттер арасындағы сауалнамада жеткізуші сөзін қандай мағынада түсінетінін сұрағанда мынадай жауаптар алдық: «Жеткізуші – естіген білгенін басқаларға жеткізіп отыратын жынысы әйел адамды (өйткені утка орыс тілінде аналық текті білдіреді) айтады. Естігендері өтірік болса да жеткізіп отыратын адам. Сондай қыздарды біз «уткалар» деп айтамыз. Мысалы: *Сен утка екенсің – білсеңде, білмесеңде жеткізесің.*

С.И. Ожегов ред.басқаруымен орыс тілі сөздігінде утка лексемасына 3 лексико-семантикалық нұсқа беріледі: «Үйрек – 1) жалпақ тұмсықты, қысқа мойынды және қысқа табанды суда жүзетін құс; 2) төсек тартып жатқан науқасқа берілетін несепке арналған ұзын тұмсығы бар ыдыс; 3) Өтірік өсек. Мысалы: *Пустить утку. Өсек тарату. Газетная утка. Газеттегі өтірік өсек»*

Жоғарыда көрсетілгендердің ішінен берілген ЛЕ ҚЖС 3-лексико-семантикалық нұсқа әсерінен осындай мағынаға ие болды. (утка – «өтірік өсек»). Бірақ орыс тілінде утка – ол адамға қатысты емес, затқа қатысты, яғни өсек тасушы емес, өсектің өзі болып есептелінеді.

5. Кадр ЛЕ ҚЖС көбіне «өзгелерден айрықшаланып тұратын күлкілі адам» мағынасында қолданылады. Мысалы: *Вот сен кадр! Бізді әбден күлдірттің зой! Ходячий кадрсың бар зой!* Бұл ЛЕ көп жағдайда үлкен бір топ достар арасында ең күлкілі, әзілкеш, юморы жоғары адамды **кадр** деп атағанда қолданылады. Аталмыш сөз де сленг семантикасына белгісіз құрылыммен енген. Бірақ, біздің пайымдауымызша **кадр** ЛЕ мағынасы ҚЖС заманауи орыс тілінің – бөлек сурет дегенінен шыққан, яғни өзгелерден ерекшеленіп тұратын, дәл суретке, яки киноға түсіп жатқан актер секілді рөлін ойдағыдай сомдайды, халыққа жеткізеді дегеннен шыққан.

6. Гитара зат есімі заманауи орыс тілінде «сырты ағаш, сегізге ұқсас резонаторы бар, ішекті, шертпелі музыкалық аспап» деп түсіндіріледі. [3.159]. Бірақ, ҚЖС **гитара** зат есімі басқа мағынаға ие. **Гитаралар** деп дене пішіні немесе параметрлері 60*60*90, яғни көкірегі үлкен емес, қыпша бел және бөкселі қыздарды айтамыз. Мысалы: *Біздің Жазира гитара зой, фигурасы 60*60*90.* Бұл жағдайда сыртқы келбеттің ұқсастығы бойынша метафораға ауысқанын көреміз, яғни қыздың тұлға сымбатын гитара қалпында бейнелеп көрсеткен.

7. Трубалётка лексемасы ҚЖС «ауылдан келген қыз» мағынасында қолданылады. Мысалы: *Біздің группада өңкей трубалёткалар!!!* Бізге бұл мысал өте қызық. Сөздің этимологиясы толық түсінікті емес. Аталмыш сөздің шығу тегін өз бетімізбен талдау жасағанда, мынадай түсіндірмеге тоқталдық. Трубалётка екі бөліктен тұрады: труба – «өте» (труба он ушлый – ол өте пысық), лётка «летит» - «ұшады» (жастар ұйымдарында қолданылатын сөз тіркесі ‘Лететь как фанера над Парижем, Париж үстінен шере сияқты ұшу’, яғни *масқара болу, жер болу*). Егер осы мағыналы бірліктерді біріктерсек, трубалётка лексемасын «қатты масқаралану» деп түсінеміз. Неге ауылдан келген қыздарды дәл осылай атайды? Оның себебі олардың барлық уақытта дұрыс сөйлемейтіні, қылықтары, өздерін ұстауы қала өміріне сай емес болғандықтан, сырт келбеттері де ойдағыдай көрінбегендіктен болуы мүмкін. Сондықтан масқара деп есептелінетін де шығар. Бірақ бұл, осы лексеманың этимологиясына деген көзқарастардың бірі ғана.

8. Каблук – ‘өкше астында орналасқан аяқ киім табанындағы қатты нәл’ – мұндай түсіндірме С.И.Ожегов ред.басқаруымен орыс тілі сөздігінде берілген. [2, 334]. Бірақ, бұл ЛЕ орыс тілінен ҚЖС ене отырып, басқа мағынада қолданады. Студенттер биік өкшелі аяқ

киімді киетін әйел – оқытушыны осылай айтады. Мысалы: *Каблуктың сабағына бармаймын*. Бұл сөз метонимиялық ауысу арқылы осы мағынада қолданып келеді, өйткені каблук – әйел-оқытушының өзі емес, киімінің бір бөлігі ғана.

9. Аджика – ‘көбіне корей халқы тұтынатын ащы дәмдеуіш’. Бұл сөз де ҚЖС өз орнын тапқан. *Аджика* деп қазақ тілді жастар корей ұлтының қыздарын атайды. Мысалы: *Саған қандай қыздар ұнайды? Маған негізі аджикалар ұнайды, тамақты дәмді істейді*. *Аджика* лексемасы ҚЖС метаномиялық ауысу арқылы осы мағынаға ие.

10. Движняки лексемасы движение (қозғалыс; қимыл) сөзінен шыққан, яғни ‘белгілі бір бағытқа әлде кімді, не бір затты жылжыту’. Бірақ ҚЖС бұл ЛЕ ‘іс, жұмыс’ мағынасында қолданылады. Мысалы: *Мен үйге кешірек келем, бір движняктарым бар*. Осы жағдайда «движняк» сөзінің орыс тілінен қазақ тіліне калькалануы көрініс табады.

11. Гайка – ‘бұрымдау арқылы бір нәрсені бекітуге арналған түрлі қалыптағы бөлшек; өтпелі бұран’. Жастар ұйымдарының күнделікті қолданыс аясында бұл сөз белгіленбеген. Бірақ ҚЖС аталмыш сөз 2006ж. ‘үлкен сырға’ мағынасында болған болса, қазіргі таңда ‘жігіттердің көңілін көтеретін қыздар’ түсінігінде қолданылады. Мысалы: *Құлағындағы гайканы көрдің бе? Чё там, гайкаң бар ма? Эээ, ондайлар көп қой*.

Осы жағдайда *гайка* лексемасы ҚЖС метафориялық ауысумен осындай мағынада қолданады, яғни сыртқы ұқсастықпен. Сонымен қатар, сленгизмдердің уақыт келе жойылып немесе бір сөздің басқа мағынаға ауысып отыратынын, яғни тұрақсыз және әр түрлі семантикаға ие болатын сөздер екенін байқаймыз.

12. Руляк ЛЕ. Алғашында тек сленгтік мағынада болған сөз. *Руляк* сөзі орыс тілінде де, қазақ тілінде де ‘басшы, басты адам (бейресми студенттік топта)’ дегенді білдіреді. Мысалы: *Болды, тыныш, руляк келе жатыр!* Бұл жағдайда орыс жастар сленгінен ҚЖС тікелей сөздің ену үдерісі жүреді.

13. Ксерокс ЛЕ – ксерокопия сөзінің қысқартылған түрі. ҚЖС бұл лексема - ‘студент-өсекші’ мағынасында қолданылады. Мысалы: *Ксерокс қой – бәрін преподтарға жеткізеді*. *Ксерокс* ЛЕ ҚЖС функционалды сипаттамасы арқылы метафориялық ауысумен осындай мағынаға ие болды.

14. Чикучка ЛЕ заманауи орыс тілінде ‘арактың кіші түрі’ дегенді білдіреді. Ал, ҚЖС ‘кішкентай бойлы қыздарды’ айтады. Бұл лексема өзінің этимологиясымен назарды аудартады. Дегенмен, этимологиясы толық түсінікті емес. ЛЕ қазақ сленгіне орыс тілінен енген бе, не болмаса ағылшынның рэп өлеңдерінен (chicks - қыздар) келген бе, әлі де белгісіз.

Жоғарыда аталған ЛЕ-зат есімдер арасынан, 12 ЛЕ теріс семантиканы білдіреді: *чёрт, крыса, резина, утка, трубалётка, каблук, аджика, движняки, гайка, ксерокс, чикучка*. Тағы ЛЕ оң семантиканы білдіреді: *кадр, гитара*.

Б) Сын есімдер.

1. Мозга ЛЕ орыс тілінің «мозг» сөзінен алынған. Орыс жастар сленгінде «мозг», «ақылды» дегенді білдіреді. Ал, ҚЖС «мозг», «топас адамды» айтады. Қалалық жастар арасында кішігірім сауалнама жүргізіп біздің түйіндегеніміз; бұл мағына бірінші қазақ жастар сленгінде шығып, бірте-бірте орыс жастар сленгіне өтті. Қазіргі таңда орыс жастар сленг өкілдерінің көбісі бұл сөзді «топас» мағынасында қолданады. Аталмыш сленг қазақ жастар арасында кеңінен пайдаланылуда. Мысалы: *Мозгасын зой. Түкте түсінбейсің*.

2. Поражняковий ЛЕ. Орыс тіліндегі бұл сын есім «порожняк» - ‘жүксіз, темір жол құралы’ зат есімінен келген. Бірақ, қазақ жастар сленгінде лексема «қызық емес» мағынаны береді, яғни *поражняковий* сын есімі порожняк сөзінің әсерімен қазақ жастар сленгінде қолдана бастаған. Жүксіз, темір жол құралы іші бос, қызық емес дегенді білдірді. Бұл семантика 2006ж. жоғарыда аталғандай болған болса, қазір *поражняковий* сөзі орыс тілінің «поражение – ұрыс-шайқастағы сәтсіздік, құлау, ұтылу, жеңілу» мағынасынан келіп, «жолы болмайтын, барлық бастаған ісі теріс болатын адамды, сәтсіздікті, жеңілісті» білдіретін болды. Жоғарыда тоқталып кеткендей, бұл лексеманың мағыналары сленг сөздерінің қайта-қайта ауысып отыратынын көрсетеді. Осы сын есім қазақ жастар сөздерінде жиі кездеседі.

Бұл жағдайда да қазақ жастар сленгіне орыс сөзінің тікелей енуі көрініс тауып отыр. Мысалы: *Кешегі вечеринка порожняковый болды; қызық емес, адам аз болды. Порожняк кароч, апай көшіргенімізді біліп қойды.* Топ бөлігіндегі 2 ЛЕ да теріс мағынаны беріп отыр.

В) Естіліктер. Талдау барысында бір ғана етістік алынып отыр, ол *курсануть* етістігі. Орыс тілінің ‘курс’ сөзінен шыққан ‘бағыт, қозғалыс, жол’ мағынасын береді. Яғни біреуге бағыт бағдар беру, жол көрсету дегеннен енген. *Курсануть* сөзі қазақ жастар сленгінде ‘хабарлау, хабардар ету’ мағынасын береді. Мысалы: *Емтихан басталғанда, мені курсануть ет.*

Қорытындылай келе, орыс тілінен енген сөздер қазақ жастар сленгінің ажырамайтын бір бөлігі деуге болады. Топқа енген әрбір лексеманы сиппатай отырып, біз тіл аралық байланысты (орыс тілімен қазақ тілі арасында) байқаймыз. Берілген лексемалардың мағыналарын түсіндіруде біз орыс тілінің көне ырымына, орыс тілінің қазіргі жағдаятына, орыс жастар сленгінің өзгеруіне сүйенеміз. Дегенмен, өзге тілдер мен қазақ тілі арасындағы байланыс ресми, саяси, экономикалық және т.б. тұрғыдағы пайда келтірер игі істер үшін ғана жұмсалса нұр үстіне нұр болар ма еді?! Тілдік мұра, тілдік мәдениет әр жас буынның жадында тұрса, өз ана тілімізді бұрмаламай таза сөйлеу дағдыға айналса болашағы жарқын ел боларымыз анық.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Абасилов Аман. Әлеуметтік лингвистика сөздігі - Алматы, 2016. – 120б.
2. Русский толковый словарь / под ред.С.И.Ожегова. – Москва, 1992. – 334-1155 бб.
3. Словарь лингвистических терминов / под ред. О.С.Ахмановой. – Москва, 1991. – 159б.
4. Копыленко М.О. О семантической природе молодежного жаргона. – Москва, 1992

УДК 81`367.625

МОДЕЛЬ СРАВНИТЕЛЬНО-СОПОСТАВИТЕЛЬНОГО АНАЛИЗА ЛЕКСИКО-СЕМАНТИЧЕСКОЙ ГРУППЫ ГЛАГОЛОВ

Испергенова Азиза Куандыковна

e-mail: aziza@mail.ru

Студентка Евразийского Национального Университета им. Л.Н. Гумилева

Казахстан, г.Астана

Научный руководитель - д.п.н., проф. Булатбаева К.Н.

В настоящее время функциональная лингвистика активно изучает интегративные языковые процессы с позиции когнитивистики и семантики. Такой подход обусловлен принципом антропоцентризма, когда язык рассматривается прежде всего с позиции языковой личности, способной воспринимать, хранить в памяти и применять в случае необходимости в процессе речевой и коммуникативной деятельности.

Одним из активных явлений языковой системы является лексико-семантическая группа (ЛСГ), которая трактуется как большая группа слов одной части речи, объединенных одним словом-идентификатором или устойчивым словосочетанием, значение которого полностью входит в значение остальных слов группы и которое может заменять остальные слова в некоторых контекстах [1]. Анализ множества работ о данной единице позволил нам выделить следующие признаки ЛСГ: 1) принадлежность к одной части речи; 2) наличие общей семы; 3) наличие парадигматических связей между составляющими одной ЛСГ на разных семантических основаниях: к примеру, противопоставленность значений; способ действия; скорость движения; стилевая дифференциация и др.; 4) возможность разной группировки слов внутри ЛСГ на основе специфики сочетаемости с другими словами: например, одни слова могут управлять одними падежными формами и от них можно задать несколько вопросов, другие другими падежными формами, и при этом группа вопросов